

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Н.С. Балтабаеваның «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған **Саржигитов Ерик Торғаевичтің**
«Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Саржигитов Ерик Торғаевич «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысында ҚР «Білім туралы» Заңына, ҚР ҒЖБМ бекіткен мемлекеттік білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес орындалған. Елдің рухани-мәдени мұрасын жаңғырту мен педагогикалық білім беру сапасын арттыру стратегиялық басымдығына сай келеді. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа алған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе	Е.Т. Саржигитовтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу 8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша

	бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	педагогтарды даярлау «8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу қазақ әдебиеттануы мен әдебиетті оқыту әдістемесі тоғысындағы өзекті мәселені қамтиды. Жыраулар поэзиясын тек тарихи-әдеби құбылыс ретінде емес, жоғары оқу орындарында заманауи білім беру парадигмалары (құзыреттілік, цифрландыру, ЖИ) тұрғысынан меңгерудің ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыру арқылы гуманитарлық ғылымға елеулі үлес қосқан. Зерттеу жұмыс барысында алынған ғылыми-тәжірибелік жетістіктері мен ғылыми нәтижелер жалпы жыраулар поэзиясы, қазақ әдебиетін оқыту әдістемелеріне елеулі үлесін қосады. Оның маңыздылығы ЖОО-да жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі заманауи білім беру парадигмасына сай жетекші бағыт ретінде сипатталып, оның теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен; жоғары оқу орны студенттеріне меңгертілетін жыраулар поэзиясын

		оқыту үдерісіне ғылыми-әдістемелік тұрғыдан анықтама беріліп, бұл үдерісті жүзеге асыратын мазмұндық-композициялық, жанрлық және көркемдік-стильдік белгілердің жүйеленуімен; студенттердің жыраулар поэзиясын меңгеруіне бағытталған оқу тапсырмалары мен жаттығулардың типологиясы жасалуымен, атап айтқанда, жыраулар поэзиясының табиғатын танытуға арналған тапсырмалар; мәтінді талдау мен интерпретациялауға бағытталған аналитикалық жаттығулар; фольклорлық мәтіндер негізінде кәсіби-шығармашылық дағдыларды қалыптастыруға арналған проблемалық-ізденіс тапсырмалары, т.б. түрінде жіктелуімен; болашақ мамандардың кәсіби және мәдени құзыреттіліктерін дамытудың маңызды факторы ретінде жыраулар поэзиясын оқытудың әдістемелік моделінің жасалып, оқыту нәтижелерінің дәйектелуімен; ЖОО студенттерінің психологиялық-педагогикалық және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жыраулар поэзиясын оқытудың кешенді, жүйелі әдістемелік жүйесінің ұсынылуымен толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жотары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. Докторант Е.Т. Саржигитовтің диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жотары. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылардың негізделу дәрежесі ізденушінің әдістемелік бағытымен және теориялық мәселелерге шолу жасау қабілетімен анықталады. Зерттеу барысына сәйкес талдау әдістерін орынды әрі тиімді қолдана алғаны, ғылыми-зерттеу жұмысының логикасын жүйелі түрде құра білуі, тақырыпты теориялық-ғылыми негіздерге сүйене отырып кешенді саралап, тұжырымдауы зерттеушінің

		ғылыми ізденіс мәдениеті мен кәсіби қабілетін айқын көрсетіп, нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізгенін дәлелдейді. Зерттеу аясында ұсынылған тұжырымдар мен қорытындылар соңғы жылдары жарияланған отандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі тұжырымдамалық қағидаларға негізделіп, ізденушінің өзіндік ғылыми көзқарасы мен авторлық пайымдауларымен дәйектелген. Ғылыми ойлары бірізді, жүйелі түрде баяндалып, академиялық ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келетіндігімен ерекшеленеді. Жарияланымдары диссертация мазмұнын толығымен қамтиды. Диссертация авторы зерттеу міндеттерін өздігінен жүйелеп, дербес ғылыми тұжырымдар жасаған. Эксперименттік-педагогикалық жұмыстарды жеке өзі жүргізіп, авторлық оқыту моделі мен тапсырмалар кешенін әзірлеген. Автордың жеке үлесі жарияланған 19 ғылыми еңбек пен авторлық бағдарламадан айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. Өзектілік жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтарды сақтау, жыраулық мұраны жоғары мектепте жүйелі және инновациялық технологиялар арқылы оқыту қажеттілігімен өте нақты негізделген. Диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығы ғылыми ізденістің теориялық және тәжірибелік кезеңдерінің бірізді сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдердің орынды әрі тиімді қолданылуымен, ғылыми ашпараттың кең ауқымыда қамтылуымен, сондай-ақ әрбір тараудың мазмұндық тұрғыдан жинақы әрі қисынды құрылуымен айқындалады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында

		оқытуға деген ғылыми-әдістемелік сұраныстың артуы; жыраулар поэзиясын оқытудың мазмұны мен әдістемесін дербес зерттеу нысаны ретінде кешенді түрде қарастырудың жеткіліксіздігі; мәтіндерді талдауда заманауи педагогикалық технологиялар мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды оқу үдерісінде тиімді пайдалану және оларды халық прозасын оқыту жүйесіне кіріктіру мәселелерінің толыққанды зерттелмеуі аталған еңбектің өзектілігін айқындай түседі. Диссертациялық жұмысты қазіргі дидактика саласындағы өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыда зерделеуге бағытталған, теориялық және практикалық маңызы жоғары, сала дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми еңбек ретінде бағалауға болады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу мазмұны диссертация тақырыбын жұмыстың барлық бөлімдерінде толық және ғылыми негізде аша алған. Зерттеу тақырыбы барысында теория мен практиканың өзара бірлігін қамтамасыз ететін әдіснамалық ұстанымдар, іргелі философиялық тұжырымдар, әлеуметтік-педагогикалық және дидактикалық қағидалар негізге алынып, ғылыми-әдістемелік талдаулар жүргізілген. Сонымен қатар озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ұйымдастыру, алынған нәтижелерді өңдеу және қорытындылау арқылы диссертация мазмұны зерттеу тақырыбының мәні мен өзектілігін толық айқындайтыны дәлелденген. Зерттеу тараулары өзара логикалық сабақтастықта құрылып, ішкі бірлігі сақталған, тақырыпқа қатысты негізгі әрі

		өзекті мәселелер терең әрі кешенді түрде талданған. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясына сәйкес зерттеу жұмысының тақырыбын тұтастай ашып көрсетеді.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	4.3 Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді . Сәйкестік зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Диссертант зерттеу барысында алдына қойған міндеттерін мақсатқа сәйкес толық орындаған. Атап айтқанда, жыраулар поэзиясының көркемдік табиғатын айқындау – оның жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктері жүйелі талданған; - Жыраулар шығармашылығын зерттеудегі теориялық-әдіснамалық тұғырларды негіздеу, қазақ әдебиеттануындағы ғылыми интерпретациясы анықталған; - Жыраулар поэзиясының көркемдік әлемін қазіргі әдеби-теориялық тұрғыда сипатталған; - ЖОО жыраулар поэзиясын оқыту тәжірибесі талданған; - Жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесінің тиімді моделі ұсынылған; - Жаңа педагогикалық технологиялар мен құралдарды оқыту жүйесіне бейімдеу көрсетілген; - Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісінде қолдануға арналған әдістемелік ұстанымдар әзірленген, Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін даярлау тарапынан жыраулар поэзиясын оқытуға қатысты арнайы мазмұнды, оны оқу-тәжірибелік тұрғыдан қолдану	

		мүмкіндіктері кешенді әдістемелік жүйенің ұтымдылығын дәлелдеуімен диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан; <u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.		Диссертация мазмұны кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияның тараулары мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Диссертацияның құрылысы, алынған негізгі нәтижелер мен қорытынды зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Жалпы зерттеу жоғары деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттері қарастырылған.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.		Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, ғылыми айналымда жүрген белгілі тұжырымдар мен қағидалар салыстырылып, ұтымды ұсынылған. Сыни талдауы бар , авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған. Мәселен, зерттеу нәтижесінде жыраулар поэзиясын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған қағидалар жүйесі, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен тұжырымды қорытындылар әзірленген. Зерттеу қорытындылары жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби-мәдени құзыреттілігін жетілдіруте, студенттердің ғылыми-шығармашылық жұмыстарын дамытуға, сондай-ақ жыраулар поэзиясын оқыту мазмұнын жаңғыртып, толықтыра түсуге нақты мүмкіндік беретіндігі анықталған. Автор Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова, т.б. зерттеушілердің еңбектеріне сыни талдау жасай отырып,

			дәстүрлі тәсілдерді заманауи интерактивті, цифрлық және ЖИ технологияларымен салыстырмалы түрде бағалап, тиімділігін негіздеген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми сараптамалар қазақ жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесін дамытуға қосылған елеулі әрі өзіндік үлесімен ерекшеленеді. Бірінші нәтижеге қол жеткізуде жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі әдеби білім берудің заманауи үрдістеріне сай жетекші бағыт ретінде қарастырылып, оның мазмұндық, көркемдік-композициялық компоненттік құрамы ғылыми тұрғыда айқындалуы жаңалығымен сипатталады. Екінші нәтижеге жету жоғары оқу орны студенттерінің меңгеретін жыраулар поэзиясын оқыту үдерісіне теориялық-әдістемелік анықтама беріліп, жыраулар поэзиясының жүйесі мен тәрбиелік-танымдық әлеуетін айқындайтын негізгі белгілердің жіктелуі ұсынылуымен болып табылады. Үшінші нәтижеге жетуде студенттердің жыраулар поэзиясын меңгеруін қамтамасыз ететін, оқу тапсырмалары мен, жаттығулардың типологиясы жасалып, атап айтқанда: жыраулар поэзиясының табиғатын танытуға арналған тапсырмалар; жыраулар поэзиясын кәсіби-шығармашылық тұрғыда игеруге арналған тапсырмалар түрінде жіктелуі ғылыми жаңалық ретінде бағаланады. Төртінші нәтижеге жетуде болашақ мамандардың кәсіби, мәдени және рухани құндылықтарын дамытудың маңызды факторы ретінде жыраулар поэзиясын оқытуға негізделген әдістемелік

		модель ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік деректермен дәйектелуімен жаңа мазмұнға ие. Бесінші нәтижеге жетуде жоғары оқу орны студенттерінің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, жыраулар поэзиясын оқытудың авторлық бағдарламасының ұсынылуы зерттеудің толықтай жаңалығын айқындайды.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда жасалған әр нәтиже ғылыми тұжырымдарға негізделген, соған байланысты түйінделген қорытындылар дәрежесі жоғары. Қорытындылар мен алынған нәтижелер нақты және дәлелді шыққан, шынайылық дәрежесі талаптарға сай келеді. Докторанттың зерттеу жұмысы толығымен аяқталған еңбек болып табылады.
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста көрсетілген міндеттерді шешу барысында қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және әдіснамалық-әдістемелік тұрғыдан негізделген. Педагогикалық технологиялық тұрғыдан алғанда, жыраулық толғауларды талдауға жасанды интеллект пен мультимедиялық технологияларды қолданудың жаңа білім беру алгоритмі ұсынылып, дидактикалық негізделген. Осы зерттеу негізінде жыраулар поэзиясын оқыту үдерісінде студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалып, тұжырымдалып, әдістемелік ұсынылуы, тиімділігін эксперимент арқылы дәйектелуімен толығымен негізделген.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даарлық бағыттары үшін).	Диссертант тарапынан ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында әдеби-білімдік құзыреттіліктерді (әдеби-танымдық, мәтіндік-талдамалық, мәдениеттанымдық, коммуникативтік және интерпретациялық) өзара бірлікте қалыптастыру көзделуімен айқындалады. Жыраулар поэзиясын оқытудағы студенттердің көркем мәтінді қабылдау ерекшеліктері мен оны түсіну, талдау және интерпретациялау механизмдерін, сондай-ақ ұлттық-мәдени және әлеуметтік-рухани құндылықтарды менгеруінің маңыздылығы ғылыми тұрғыда дәйектелген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер, жинақталған ғылыми деректер, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен жүргізілген салыстырмалы талдаулар зерттеу қорытындыларының ғылыми негізділігін, дәлелділігін және жаңалығын толық айқындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Диссертанттың қорғауға шығарылған негізгі дәйектемелері эксперимент арқылы дәлелденген. 7.1 Қағидағтары дәлелденген. 7.2 Тривиалды емес

	4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру	7.3 Иә, диссертанттың зерттеу жұмысында қорғауға шығарылған негізгі қағидаттары жаңа болып табылады: – жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесі әдеби білім берудің заманауи үрдістеріне сай негізгі бағыт ретінде сипатталып, оның мазмұндық, жанрлық және көркемдік компоненттік құрамы айқындалған; – жоғары оқу орны студенттерінің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, жыраулар поэзиясын оқытудың авторлық бағдарламасы ұсынылған; – болашақ мамандардың мәдени-рухани және кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың маңызды факторы ретінде жыраулар поэзиясын оқытуға негізделген әдістемелік модель жасалып, оның тиімділігі оқыту нәтижелері арқылы дәйектеліп дәлелденген. 7.4 Диссертацияның негізгі қағидаттарының қолданылу ауқымы кен, өйткені өзекті мәселе бойынша ізденістер жүргізілген. 7.5 Жұмыстың ғылыми жетістіктерін дәйектейтін бағыттардың бірі және бірегейі – ғылыми басылымдарда жариялануы. Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. Диссертация тақырыбына қатысты он тоғыз мақала жарияланып, ұсынылған қағидалары мен оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибеде дәлелденген.
--	--	---

8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	мүмкін емес.
	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Иә , әдістеменің тандауы негізделген . Зерттеудің жалпы әдіснамалық тәсілінің ғылыми дұрыс тандалуы арқылы, ғылыми әдістер жүйесін, сонымен қатар жыраулар поэзиясын оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби метақұзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістемелік жүйенің тиімділігін растайтын тәжірибелік эксперименттің дұрыс ұйымдастырылуымен, экспериментте қол жеткізген сапалық көрсеткіштері арқылы қамтамасыз етілген. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде жеке тұлғаны дамыту, тарихи-педагогикалық жүйелілік пен сабақтастық заңдылықтары айқын танылып негізделген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	Диссертацияның маңызды бөлігін практикалық тұжырымдар, автор тарапынан жүргізілген тәжірибелік ізденістер нәтижелерді көрсете алады. Диссертанттың зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің жаңа теориялық және эмпирикалық әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеуде АКТ, жасанды интеллект технологиялары, сондай-ақ эксперименттік деректерді сапалық және сандық өңдеу әдістері кеңінен қолданылған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	Иә , теориялық негізде талданған зерттеулер диссертанттың базалық платформасын саралаумен қатар, эксперименттік бөлімінің негізгі бағыт-бағдарын ішкі бірлікте ұстауға септігін тигізді. Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген және расталған . Зерттеу модельдері мен

	нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <u>1) ия;</u> 2) жоқ.	әдістемелік ұсыныстары І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің базасында жүргізілген 3 кезенді эксперимент арқылы толық расталған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасаумен расталған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен нормативтік құжаттары, отандық және шетелдік ғалымдардың педагогикалық еңбектері, ғылыми монографиялар, диссертациялық зерттеулер, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, интернет ресурстар, анықтамалықтар, ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтары, ҚР Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.	Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді. Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қамтылған. Әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының тарихи, теориялық және әдістемелік аспектілерін толық қамтиды. Автор тақырыпқа сәйкес нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздерді жеткілікті пайдаланған.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ. Алынған нәтижелер көкейкесті мәселені шешуге бағдарланған. Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері педагогика мен әдістемелік ғылымдардың теориялық негіздерін тереңдетіп, жаңа бағыттарда зерттеу үшін негіз қалауда; зерттеу барысында жасалған тұжырымдар жоғары оқу орнында білім беру мазмұнындағы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамытудың әдістемелік және теориялық негіздерін байытуда, оны жаңашыл көзқарастар тұрғысынан саралауда; жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесін жетілдіруге маңызы зор. Теориялық маңызы ЖОО-да жыраулар поэзиясын оқытудың дидактикалық негіздерін байытуымен және білімгерлердің кәсіби-эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру теориясын дамытуымен айқындалады. 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері жаңартылған білім беру мазмұны жүйесіндегі білім сапасының жетілуіне, студенттердің шығармашылық жұмыстарын дамытуға негізделген білім алу курсы мазмұнын толықтыра түсуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес ұсынылған тапсырмалар жүйесі студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға жол ашады. Шығармашылық, жағдаяттық тапсырмаларды қабылдау мен түйсінуге, талдау мен бағалауға негізделген әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар жүйесін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
---	--------------------------------------	---

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Кәсіби метақұзыреттілік үдерісі жыраулар поэзиясын оқыту әдістемесінің заманауи трендтерге сай басты бағыты ретінде сипатталып, оның компоненттік құрамы айқындалуы толығымен жаңа; ЖОО-да меңгертілетін кәсіби құзыреттілік процесіне анықтама беріліп, бұл мәселені қалыптастыратын прагматикалық маркерлер жіктелуі толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Диссертация аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу бағыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, ресімделуіне қатысты төмендегідей ұсыныс ескерту атай кеткен жөн: Жыраулар поэзиясын оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін пайдалану алгоритмі ұсынылғанымен, диссертацияның үшінші тарауында нақты ЖИ платформаларында (жүйелерінде) орындалатын промпт-инжиниринг үлгілерін практикалық тұрғыдан кеңірек көрсетуге болар еді. Зерттеу жұмысында емле және тыныс белгілерінен кателер ішінара кездеседі. Бұл айтылған ескерту

		диссертацияның ғылыми тұрғыдан құндылығына, практикалық маңызына нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша ер мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертация қолжазба құқығында орындалған. Жұмыс бойынша жарияланған 19 ғылыми еңбек (оның ішінде бір мақала Scopus базасында, бес мақала ҚР ҒЖБМ ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар, отандық және шетелдік конференцияларда 13 мақала) диссертацияның негізгі мазмұнын толық ашады. Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, зерттеу нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми қауымдастықта лайықты бағасын алған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі ережесінің 28- тармағына сәйкес)	Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Саржипитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған талаптарға толығымен сәйкес келетін, ғылыми жаңалығы мол, теориялық, тәжірибелік маңызы бар, «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына сәйкес

		орындалған, академиялық сауаттылығы жоғары, аяқталған жұмыс дей келе, 6D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.
--	--	--

Саржипитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Саржипитов Ерик Тортаевичқа «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

**Ресми рецензент,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің қауым. профессоры м.а.
Философия докторы (PhD)**

11.08.2026 жыл

Н.С. Балтабаева

